

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 29 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке**

Депутаттық сауал

Құрметті Олжас Абайұлы!

«Ауыл» фракциясы депутаттарының Мәжіліс қабырғасында көтерген алғашқы мәселелерінің бірі – Агробанк құру болатын. Соған байланысты халықаралық консалтингтік компанияның көмегімен қаржылық есептер жүргізіліп, тәуекелдердің барлығы жан-жақты талқыланып, нәтижесінде Заң жобасы әзірленіп, Үкіметке жолданған еді.

2023 жылдың желтоқсан айында Агробанктің қажеттілігін нақты дәлелдеп беру үшін Мәжіліске аграрлы сала мамандары мен фермерлер шақыртылып Ұлттық банк пен Қаржы нарығын дамыту агенттігі басшыларының қатысуымен үлкен жиын өткіздік. Ол отырыстың нәтижесінде Парламент депутаттары Агробанк құрылуын қолдап, кейін Мәжілістің 72, Сенаттың 20 депутаты бірлескен хатқа қол қойып Үкіметке бірқатар талаптар қойған еді.

Алайда содан бері 5 ай өтті мәселе орнынан қозғалар емес. Уәкілетті органдар «қарастырайық, сараптайық» деген сылғыртпа жауап бергеннен басқа ешқандай шара қолданбады. Демек, - Үкіметтің агробанкі идеясына қарсы қоятын дәлелді уәжі жоқ!

Өткен кезеңнен бері Агробанктің әртүрлі концепциясы талқыланып жатыр, бұл идеяға Президентіміздің ауыл шаруашылығына берілетін барлық қаржыларын «бір терезе қағидатын» қабылдау тапсырмасын - Агробанкті құрудың бірінші қадамы деп қабылдадық.

Сондықтан, Мемлекет басшысы тапсырмасын орындауда жоғарыда айтылған депутаттардың ұсыныстары жөнінде мәліметін ескере отырып, келесі ұсынысты жасаймыз:

Тезарада Агробанк құру мәселесін пысықтау үшін Сіздің шешіміңізбен Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі мен Сенат депутаттарының қатысуымен, құрамына Ұлттық Банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту

Агенттігі, тиісті Үкімет мүшелерін, басқада мүдделі тараптарды, оның ішінде міндетті түрде мандайынан терін төгіп, егін егіп, мал бағып жүрген ауыл шаруаларының ресми өкілдерін қатыстырып жұмыс тобын құруды ұсынамыз.

Құрметті Олжас Абайұлы, Үкімет мүшелерінің бізге жеткізген алғашқы осы мәселе жөніндегі күмәндарын түсіне отырып, Агробанк жөнінде нақты шешімін компромистік жолмен, демократиялық тәсілмен шешуді көздеп отырмыз.

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

Жигули Дайрабаев

Анас Баққожаев

Серік Егізбаев

Аян Зейнуллин

Қарақат Әбден

Николай Арсютин

Ерболат Саурықов

Таңсауле Серіков

*Орын: Д.Жумадилов
Тел.: 74-67-67*